

Мектеп жасына дейінгі балаларда адалдықты қалыптастыру

“Ақбота” арнайы балабақша” КММ педагогтері

Адалдық — бұл достасуға, сенім артуға және бейбіт өмір сүруге көмектесетін маңызды қасиет. Оны бала кезден бастап қалыптастыру қажет. Балабақшада тұлғалық қасиеттердің негізі қаланады, мысалы, басқа адамдарға сенім арту, құрмет көрсету, тек шындықты айту ғана емес, оның маңызын түсіну қабілеті де дамиды.

Ересектер балалардың бойына адалдықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Балалар көбіне ересектердің мінез-құлқын, құндылықтарын қабылдайды, бұл олардың адалдық қасиетін қабылдауына үлкен әсер етеді. Ересектер өздері үлгі бола білуі керек. Мектеп жасына дейінгі балаларға адалдықты дарыту — үлкен төзімділікті және үнемі назар аударуды қажет ететін міндет. Адалдық туралы тек айтып қана қоймай, оны іс жүзінде көрсету де өте маңызды.

Балалар адалдықты ересектердің мінез-құлқын бақылай отырып үйренеді. Егер ересектер әрдайым адал әрекет етіп, уәделерін орындап, қателіктерін ашық мойындайтын болса, балалар мұны қалыпты мінез-құлық ретінде қабылдайды. Мектеп жасына дейінгі балаларға адалдықтың не үшін маңызды екенін түсіндіру өте қажет. Оларға адал болу деген не екенін қарапайым сөздермен түсіндіруге болады: адалдық — адамдардың бір-біріне сене білуіне көмектеседі, ал өтірік айту түсініспеушілікке және ренішке әкелуі мүмкін. Балабақша тәрбиешілері балаларға адал кейіпкерлер басты рөлде болатын әңгімелерді, ертегілерді, хикаяларды оқиды, бұл балаларға моральдық құндылықтарды түсінуге көмектеседі. Ертегілер мен әңгімелерде көбінесе кейіпкерлер қиындықтарға қарамастан адал әрекет етеді. Мұндай кейіпкерлер балалар үшін үлгі бола алады. Мысалы, «Буратино» ертегісінде кейіпкер өтірік пен шындықты ажыратуды үйренеді. Лев Толстойдың «Сүйек», «Секіріс», «Шындық — жақсы, ал бақыт — одан да жақсы» атты қысқа әңгімелерінде адалдық пен шындық тақырыптары қозғалады.

Тәрбиешілер балалармен бірге ертегі кейіпкерлерінің орнында өздері болса, қалай әрекет ететінін және неге адал болу керектігін талқылайды. Шындықты айту неге маңызды, біреуді алдаған кезде басқа адам не сезетінін түсіндіру де өте маңызды. Сонымен қатар, бала адалдық көрсеткен кезде оны мадақтау керек.

Педагогтар балалармен бірге адал болу қажет болатын түрлі жағдаяттарды сахналайды. Мысалы, егер бала ойыншықты байқамай сындырып алса, оған шындықты айтуға мүмкіндік беріледі және шындық айту — өтіріктен әрдайым жақсы екенін түсінуге көмектеседі.

Балабақшада тәрбиешілер түстен кейінгі уақытта сюжеттік-рөлдік ойындар ұйымдастырады. Сюжеттік-рөлдік ойындар балаларды адалдыққа тәрбиелеуге көмектеседі. Мысалы, «Дүкен» ойынында балалар кезекпен сатып алушы мен сатушының ролінде болады. Сатушының міндеті — тауарлар туралы адал ақпарат беру, ал сатып алушы — тауар үшін шын көңілмен төлеу. Немесе «Полиция» сюжеті бойынша балалар кезекпен полиция қызметкері мен ереже бұзушының ролін ойнайды. Полиция қызметкері ережелердің сақталуын адал қадағалайды, ал бұзушы өз қателігін мойындайды.

Ойын барысында тәрбиеші балалармен бірге қателікті адал мойындаудың маңыздылығы мен өтіріктің салдары туралы талқылайды. Мұндай ойындар арқылы балаларға адал болуды, тіпті ол кейде қиындық тудырса да, үйретеді. Педагог балаларға адалдықтың маңызы туралы түсіндіріп, әділетсіздік пен өтірік басқаларды ренжітуі немесе көңілін қалдыруы мүмкін екенін айтып отырады.

Біз күн сайын балаларды адалдыққа үйретеміз, ал ересектер — адалдықтың үлгісі бола білуі керек.

Балабақшада адалдықты үйрету тек балабақша қабырғасында ғана шектеліп қалмайды. Педагогтар ата-аналарға үй жағдайында адалдыққа қалай тәрбиелеуге болатыны жөнінде кеңес береді. Балабақшадағы ата-аналар бұл үдеріске түрлі бірлескен іс-шаралар, байқаулар және адалдық тақырыбына арналған үй тапсырмалары арқылы тартылады.

Адалдық — бұл балалардың адамгершілік бағытын қалыптастыратын негізгі қасиеттердің бірі.

Сондықтан тәрбиешілер мен ата-аналардың бірлесіп жұмыс жасауы өте маңызды. Олар балаларға адал болудың маңыздылығын көрсетіп, адалдықтың айналадағы адамдармен қарым-қатынасқа және баланың ішкі жан дүниесіне қалай әсер ететінін түсіндіруі керек.